

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 150и қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 22-қосымшада:

2-тармақ ", Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің " Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 435 қаулысы" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік органдардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету";

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақта:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Саны 8 бірлік бекітілген штат санының лимиті шегінде Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығын құру және ұстау. Мыналарды сатып алу: арнайы автокөлік - 1 бірлік, жиһаз (басшының кабинеті) - 1 жиынтық, көшіру аппараты - 1 бірлік, дербес компьютер - 8 бірлік, ағынды принтер - 1 бірлік, лазерлік принтер - 2 бірлік, түрлі-түсті телевизор - 2 бірлік, бейне магнитофон - 1 бірлік, сейф - 2 бірлік, кондиционер - 1 бірлік";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мамандардың кәсіби деңгейін арттыру.";

2) көрсетілген қаулыға 23-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақта:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналарды сатып алу: дербес компьютер - 20 бірлік, лазерлік принтер - 20 бірлік, сканер - 4 бірлік, цифрлық диктофон - 10 бірлік, түрлі-түсті телевизор - 9 бірлік, бейне

магнитофон - 4 бірлік, факсимильді аппарат - 3 бірлік, көшіру аппараты - 4 бірлік, цифрлық магнитофон - 1 бірлік, бейнежабдық - 1 жиынтық, фотожабдық - 1 жиынтық, қағаз жоятын машина - 8 бірлік".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК